

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиа-текстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОВЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

FTAMP 16.01.45

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.09>Б.М. ҚАЙДАРОВА 

«Alikhan Bokeikhan University» БМ, Семей, Қазақстан

(e-mail: peace.a@list.ru)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Тіл адамзат мәдениетінің ұлттық-спецификалық белгілерінің арасында бірінші орында тұрады. Қашан да тіл мәдениеттің қарым-қатынас құралы және адамдарды ұлттық белгілеріне қарай ажыратудың басты құралы болып саналады. Кез келген этнос (қазақ, орыс, ағылшын) тарихи қалыптасуы мен дамуы кезеңінде ұлттық мәдени құндылықтардың бірегей жүйесін қалыптастырады. Мәдени қалыптасу тілдің стереотиптері арқылы түсініледі.

Мақаланың мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексикалық-семантикалық ерекшеліктерін саралау, таладау арқылы түйінді пікір білдіру. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттары – гуманитарлық ғылымдар, жалпы тіл білімі, германистика (ағылшын тілі), түркология (қазақ тілі), лексикология, компаративистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика. Зерттеу жұмысының нәтижесінде семантикалық-мағыналық өріс ядро мен перифериялық бөлік ерекшеленетін жүйелі құрылым болатыны анықталды. Ядрода қызметтері нақтыланған сөздер тұрады.

Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша ағылшын лингвистикалық мәдениетінде проксемика мен тиісті қашықтықты білудің маңыздылығы, сондай-ақ олардың кеңістікті концептуализациялауда аз формальдылықты ұстанатындығы, ал қазақ лингвистикалық мәдениетінде кеңістікті концептуализациялауда үлкен формальдылық маңызды екендігі анықталды. Қазақ тілінің ойды беру ауқымының көркемдік санамен ұласып келуі де бұл қызметті біршама кеңейтеді.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы: кеңістіктің қазақ және ағылшын тілдік концептуализациясының принциптерін білу мәдениетаралық байланысты жақсартады. Жұмыс қорытындыларының практикалық маңыздылығы: мақала жоғары оқу орындарында тілдік цикл пәндері бойынша дәрістер мен семинарларға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: тіл, ұлттық-мәдени стереотиптер, лексика, семантикалық өріс, лингвистикалық мотивация, ағылшын тілі.

Кіріспе. Тіл – қарым-қатынас құралы болумен қатар, мәдениеттің

айнасы. Ол адамның айналасындағы қоршаған нақтылы әлемді ғана емес, сонымен бірге халықтың әлеуметтік өзін-өзі тануын, оның ділін, ұлттық болмысын, өмір сүру салты мен дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарды, өмірдегі бағалайтын құндылықтар жүйесін, әлемге байланысты қалыптасқан дүниетанымды, әлемді тану сипатын бейнелейді.

Тіл – қолданатын әр түрлі құралдар, мәдениеттің де құралы. Ол адамның, ұлттық ділі арқылы және тағы басқа ерекшеліктер негізінде, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын халықтың мәдениеті арқылы қалыптасады. Ана тілінің тұлғасы арқылы тілге байланған және тілге басқа мәдениеттерден енген, бірақ сол халықтың әлемге деген көзқарасы болып табылмақ.

Олай болса, тіл мәдениеттен тыс ретінде ғана өмір сүрмейді. Ол «біздің өмір салтымызды сипаттайтын практикалық дағдылар мен идеялардың әлеуметтік мұраланған жиынтығы» ретінде санамызда болады. Тіл адам өмірінің әртүрлі салаларындағы, атап айтсақ: өндірістік, әлеуметтік, рухани адам қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталған мәдениеттің құрамдас бөлігі болып шығады. Десек те, ойдың өмір сүру формасы ретінде және ең бастысы, қарым-қатынас құралы ретінде тіл адамзат мәдениетінің бір деңгейінде тұрады.

«Тіл мәдениеттің ұлттық-спецификалық құрамдас бөліктерінің ішінде бірінші орынды алады. Ең алдымен, тіл мәдениеттің әрі қарым-қатынас құралы, әрі адамдарды ажырататын құралы бола алатындығына ықпал етеді. Тіл – оның сөйлеушілерінің белгілі бір қоғамға жататынының белгісі. Тілді этностың негізгі спецификалық белгісі ретінде екі жақтан қарастыруға болады: «ішкі» бағытта, содан кейін ол этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде әрекет етеді; «сыртқы» бағытта және бұл жағдайда этностың негізгі этнодифференциалаушы белгісі. Осы екі қарама-қарсы функцияны диалектикалық түрде біріктіре отырып, тіл этностың өзін-өзі сақтауының да, «біз» бен «олардың» бөлінуінің де құралы болып танылады. Демек, тіл мен мәдениеттің арақатынасы күрделі де сан қырлы мәселе. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас үрдісінде тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы, өзара байланысы, өзара ықпалы және өзара әрекеттестігі мәселелерін толықтай зерттеуге арналған. Бұл мәселелерді тікелей қарастыруға кіріспес бұрын оқу әдістемелік және ғылыми әдістемелік жағынан бірнеше ескертпелер мен нақтылаулар жасау қажет болады [1].

Қазақ, орыс, ағылшын ұлттары өздері өмір сүріп отырған қоғамдық ортада ұлттық мәдени құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Дәстүрлі мәдениетке үлес қосады. Ұлттық-мәдени құндылықтар адамды қоршаған әлемді бағалаудың негізі бола отырып, ұлттың өміріне мән береді. Әрбір этнос өзіне тән субъектілік-мәдени және рухани-мәдени құндылықтарды бағалай отырып, өзінің өмір сүру қағидаларын шартты түрде бекітеді. Ұлттық-мәдени стереотиптер этномәдени ұжымға бағыт-бағдар болып, темірқазық сияқты қызмет атқарады.

Қазақтың әлеуметтік лингвистика ғылымы саласын зерттеуші А. Абасилов: «Сөз мәдениетін екі тұрғыдан қарастыруға болады: 1. Ауызекі және жазба әдеби тілдің нормаларын (айтылу, екпін, сөз саптау, грамматика, стилистика ережелерін) игеру. Сөйлеудің мақсаты мен мазмұнына байланысты тілдің көркемдік құралдарын пайдалана білу.

2. Тілді мәдениет ретінде қарастырып, оны дамыту үшін нормаларды қарастыру мәселелерімен айналысатын тіл білімінің саласы» деп екіге бөліп қарастыра келе олардың өзіндік ерекшеліктері ретінде ұлттық дүниетаным мен ділдің сипатына тоқталады [2, 36].

Ұлттық-мәдени қалыптасқан дағдылар әр халықтың этномәдени санасында әлемнің қалыптасқан бейнесін сақтайтын тілдік және мәдени құндылықтар арқылы белгілі болады. Олар ұлттық және мәдени код элементтерінен тұрады. Сонымен қатар, аксиологиялық стереотиптер арқылы зерттеледі. Ұлттық-мәдени стереотип белгілі бір этномәдени топтың қарапайым, жалпылама мінез-құлық үлгілеріне байланысты сөздік және бағалау құралы ғана емес, сонымен бірге осы этномәдени топ өкілдерінің мінез-құлқын ескере отырып, қарым-қатынасты жеңілдетуге бағытталған мәдени топ тілдік құрал. Әрбір дәстүрлі мәдениеттің өзіндік құндылықтар әлемі болады. Құндылықтар мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде танылады. Әрбір этностың тілінде (қазақ, орыс, ағылшын) оның дүниетанымын айқындайтын бірегей ұлттық жүйе жасалады. Басқаша айтқанда, әрбір халық өзінің танымдық әрекеті арқылы дүниенің концептуалды ғана емес, ұлттық-мәдени бейнесін де қалыптастырады [3].

Қандай да бір тілдің сөздік құрамын ретке келтіру процесі сөздерді қарым-қатынас кезінде, қолдану тұрғысынан маңызды деген белгілеріне қарап топтастыру, біріктіру негізінде жүзеге асады. Мұндай белгілер сөздердің әр түрлі қолданылуына қарай ажыратылады. Сондықтан сөздік қордағы сөздер әр түрлі лексика-семантикалық белгілеріне қарай категорияларға біріктіріледі. Сөздік құрамның лексика-семантикалық топтар ретінде семантикалық байланыстарының болуы – тілдің лексикалық байлығын білдіреді. Адам ойлау логикасы арқылы бағдарланған тілдің өзіне қажетті шағын бөлігін пайдалануы және қажетті сөздерді іздеуі арқылы байланыс жасайды. Өйткені сөйлеуші өзіне қажет емес сөзді іздемейді. Сөздік қорды ұйымдастыру да жаңа сөздерді сіңіруге ықпал етеді, өйткені жаңа сөздер бұрыннан бар сөздерге механикалық түрде қосылып қана қоймай, біздің санамызда қалыптасқан жүйеге орналастырылады.

Жүйе туралы түсініктің қалыптасуы өріс теориясы деп аталатын теорияның пайда болуымен байланысты. Шын мәнінде, бұл теория сөздердің бір-бірімен семантикалық байланысының бір жалпы идеясының көптеген көзқарастарын, нұсқаларын қамтиды.

Кез келген тілдің өмір сүру формасы – түрлі иерархиялық топтарға

табиғи жағдайда қосылатын, жеке тілдік жүйелер деген мағынадағы сөз. Тілдің өмір сүруі бір этносты толықтай қамтуы да, толықтай қамтымай жеке топтардың қарым-қатынасы кезінде қолданылуы да мүмкін. Ғалым В.А. Аврорин тілдің осындай өмір сүру формаларын келесідей жіктейді:

1. Әдеби тіл.
2. Халықтық ауызекі сөйлеу тілі.
3. Диалектілер.
4. Диалектіүстілік тіл (Койне).
5. Ұлтаралық қатынастағы тіл (Креоль-тіл, Пиджин-тіл, Лингва-франка, т.б.).
6. Еркектер мен әйелдер тілі.
7. Діни-ғұрыптық тіл.
8. Ым (костовые) тілі.
9. Жаргон мен арго, т.б. [4, 7].

Тілдің аталған барлық өмір сүру формалары сөздік құрамда бірігіп, тілдің тұтас бейнесін жасайды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританиядағы тілдік жағдайды жалпы талдау, әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің компоненттерін талдау, белгіленген бірліктердің сөйлеуде қолданылуы мен таралуын талдау, тікелей мотивациялық талдау, сауалнама, салыстырмалы әдіс. Зерттеудің әдіснамалық негізі лингвистер: С.Г. Тер-Минасова, А.С. Мурзинова, О.Г. Скворцова, Е.В. Дмитриева, А.Р. Нурутдинова, Д.В. Исаев, А.О. Тымболова, А.С. Әлметова, Г.С. Немышева және т.б. еңбектері болды.

Талқылау мен бақылау. Семантикалық өріс – өзегі мен сыртқы қабаты ерекшеленетін құрылым. Өзекті мүшелер ерекшелігі – семантикалық құрылымында өрісті тұтастыратын ұғыммен сәйкес келетін белгі басым позицияны алатын лексикалық бірліктерге бағытталады. Тілдің тіні жалпы ұғымды білдіретін ең көп таралған және функционалды жүктелген сөздерді қамтиды, сондықтан ана тілінде сөйлейтіндер үшін өзек мүшелері перифериялық элементтерге қарағанда психологиялық тұрғыдан маңыздылығымен ерекшеленеді. Шеткі неғұрлым нақты ұғымдармен сипатталады және олардың мағыналық белгілері неғұрлым көп болса, соғұрлым олар өзектен жойылады. Мағыналық компоненттердің көптігіне байланысты бір өрістің элементтері, әсіресе шеткі өрістер басқа өріске енуі мүмкін. Осылайша, тілдің лексикалық жүйесін ішінара қиылысатын өрістер жиынтығы ретінде көрсетуге болады. Өріс теориясы лексика саласында тиімді болып талданады, өйткені «өріс концепциясы сөз лексика-семантикалық жүйенің мүшесі ретінде өмір сүретін оңтайлы құрылымдық құндылықты қамтиды. Олай болса, зерттеу нысаны – тілдің белгілі бір құрылымы ретінде тұтас алғанда жеке сөздер табы арқылы ерекшеленеді [5].

Нәтижелер. Әрбір кірме сөз өзге мәдениетті көрсетеді; әрбір сөз өз

кезегінде субъективті, тек мәдениет тілімен бекітілген формада, сыртқы әлемнен алған әсер түріне байланысты болады. Бұл құбылысты экстралингвистика саласы зерттейді. Қазақстан Республикасындағы шетел тілдері және оларды оқыту үлкен мәселе болып көтеріліп отыр. Білім беру ұйымдары көптілді оқыту жүйесін қолға алып жатыр. Әсіресе ағылшын тілін оқыту бүгінгі таңда сұранысқа ие болуда. Өйткені әлемдік білім кеңістігіне шығу үшін ағылшын тілі маңызды. Осы арада ағылшын тілін оқыту әдістемесіне әсерін тигізеді. Жаңа технологиялармен қатар мұғалім ағылшын тілінің ең жоғары деңгейін меңгеру шарты тұрады.

Бүгінгі күні грамматика ережелері білім алушыларды қызықтырмайды, одан қарағанда тіл тарихы мен теориясының өзі қызықтырады. Қазіргі өмір сүру жағдайлары шет тілін, әсіресе функционалдық тілін үйренуді талап етеді. Әркім тілді ғылыми тұрғыда тани отырып, оны шынайы қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланғысы келеді. Осыған байланысты ағылшын тілін оқытуға деген көзқарасты түбегейлі өзгертеді, лингвистика мен мәдениетаралық қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасында ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаты – шетел тілін іс жүзінде қолдана білуге үйрету. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.

Бұл мәселенің прагматикалық шешімі іргелі теориялық база құрылғанда ғана жүзеге асады. Теориялық білім терең және практикаға бағытталған болуы керек.

Ол үшін:

1. Әлемдік деңгейдегі филология ғылымының теориялық нәтижелерін шетел тілдерін оқыту тәжірибесіне енгізу;

2. Шетел тілі мұғалімдерінің тәжірибесін теориялық тұрғыдан нығайту үшін әр түрлі білім жетілдіру курстарын өткізу.

Шетел тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін үйренудің дәстүрлі тәсілімен оқытудың негізгі әдісі шет тіліндегі мәтіндерді оқу болды. Оның үстіне бұл тек мектеп білімі ғана емес, сонымен қатар жоғары, университеттік білім де болды. Күнделікті қарым-қатынас субъектілеріне тек күнделікті қарым-қатынас объектілері туралы бірдей мәтін ұсынылды, бірақ мұндай мәтіндерді оқыған бұл мамандардың аз бөлігі практикалық шет тілін білуді қажет ететін оның ауқымды әдеби жағы емес нақты жағдайда өзін дұрыс ұстай алды [6].

Тілдік жағдаятты талдаудағы анықтаушы факторлардың бірі – әлеуметтік-коммуникативтік ішкі жүйеге жататын кешенді қызмет болып табылатын әлеуметтік лингвистикалық мотивация. Сөйлеушілердің қарым-қатынасы, ең алдымен, ана тілінде сөйлейтіндердің өздері. Көбінесе жүйені зерттеуді пайдалануды немесе одан бас тартуды ғана емес, сонымен қатар тіл саясаты мен мәдениетаралық қарым-қатынастың табыстылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қызмет етеді. Көпкомпонентті тілдік

жағдаят шеңберіндегі қарым-қатынас, бұл әсіресе көптілді жағдайларға қатысты болады.

Әлеуметтік лингвистикалық мотивацияның қадамдары:

1. Тілдік жағдаятқа кіретін тілдік құрам, құрамдас бөліктері, оған кіретін жүйелері мен ішкі жүйелері негізінде талдау – типтік реттеу аспектілері, тілдік ережелер, заңнамалық актілер және т.б.

2. Әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің немесе ішкі байланыс жүйесінің құрамдас бөліктерін талдау (көпкомпонентті тілдік жағдаят жағдайында, қажетті қамтуға байланысты бірнеше жүйе немесе ішкі жүйе). Бұл уақытта нақты белгілердің жалпы тізімдемесі анықталады.

3. Әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің немесе ішкі жүйенің стандарттау тенденцияларын көрсететін таңбаланған бірліктердің сөйлеуде пайдаланылуын және ел ішінде қолданылуын талдау. Белгіленген бірліктерді пайдалану стандарттау тенденцияларының көрінісі ретінде қызмет етеді. Кез келген деңгейдегі бірліктерді пайдалануға ұмтылу оң стандарттау тенденцияларының көрінісі болады. Бұған канадалық француз тілінің мысалын айтуға болады. Ұлттық ерекшеліктерді толығымен қабылдамау, рұқсат етілген және қолайлы деп тануға біртіндеп көшуді анық көрсетеді. Көбінесе ішкі уәждемеге және әлеуметтік-коммуникативтік ішкі жүйенің немесе жүйенің сәйкестендіру тұрғысынан қандай орын алатынына тікелей байланысты.

4. Әлеуметтану әдістерін қамтитын тікелей уәждемелік талдау – сауалнамалар және т.б. Таза социологиялық әдістерді қолдану тіл саясатының тиімділігін бағалауға және оны қолдану заңдылықтарын, тілдік жағдаяттың құрамдас бөліктерінің әрқайсысына қатынас кешенін, әлеуметтік-коммуникативтік жүйелердің сәйкестендірудегі маңыздылығын ашуға мүмкіндік береді.

Тіл саясаты шараларының мотивациясы мен тиімділігінің арақатынасы күрделі болады. Атап айтқанда, тілдік жағдаяттың құрамдас бөліктерінің қарсылығы, ұлттық сәйкестендіру факторлары, сондай-ақ жүйелер мен ішкі жүйелерге деген көзқарас – осының барлығы мемлекеттің тіл саясатына, оның ерекшеліктеріне тікелей әсер етеді [7].

Ал стереотиптердің мағыналық қабатында белгілі бір халықтың ұлттық ерекшелігі мен зат, құбылыс, жағдай туралы ұлттық-мәдени түсінігі сақталады. Мұндай ұлттық ерекшеліктер мен түсініктер вербалды бірліктер арқылы жарыққа шығады. Бұл туралы ғалым В.А. Маслова: «Стереотип – это некоторый фрагмент концептуальной картины мира, ментальная «картинка», устойчивое культурнонациональное представление о предмете или ситуации» однако, это «не только ментальный образ, но и его вербальная оболочка» [8], – дейді. Демек, стереотиптер мен архетиптер белгілі бір халықтың ұлттық мәдениетінде танылған, әрі сол халықтың ұжымдық санасында қатталған, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткен тұрақты бейнелер. Әлемнің тілдік бейнесін құраушы

архетиптер мен стереотиптер әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшелігін көрсетеді.

Әрбір мәдениетті халықтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау үшін ділі мен ұлттық мінезі сияқты ұғымдарды зерттеуіміз қажет. Діл адамдардың ұлттық дүниетанымына незілделіп ішкі ұйымдасуын және саралануын көрсететін категория ретінде түсініледі.

Ұлттық мінез – бұл нақты мәдени құндылықтардың, көзқарастардың және мінез-құлық нормаларының тұрақты кешені ретінде айқындалған ерекшелік.

Ғалым Холл мәдениеттің түрлері жеке кеңістіктің әртүрлі стандарттарынан болатынын айтады. Мәдени типтердің Льюис моделі үш полюсті көрсете отырып, жеке интербелсенді қасиеттердегі айырмашылықтарды санайды:

– желілік белсенді мәдениеттер, олар маңызды және шешуші ретінде сипатталады (Германия, Ұлыбритания, Норвегия, АҚШ);

– бейімделгіш және қарама-қайшылықсыз (Қытай, Вьетнам, Жапония) ретінде сипатталатын реактивті мәдениеттер;

– жылы және импульсивті (Бразилия, Аргентина, Мексика, Италия) сипатталатын көп белсенді құралдар.

Бұл классификациядан көрініп тұрғандай ағылшындардағы тіл мәдениеті желілік белсенді мәдениетке жатады. Қазақ тілі мәдениетіндегі қарым-қатынас беймарал, тату қарым-қатынаспен сипатталады. Қазақ халқы табиғатпен, ғаламмен үйлесім тауып өмір сүреді. Табиғатпен тұтаса өмір сүру арқылы өз табиғатында да әлеммен үндесу тапқан қазақ халқының мәдениеті ерекше. Олар айналадағы дүние мен шексіз қазақ даласының көрермені ретінде бәрін бақылайды, ой елегінен өткізеді, бейнелейді. Қазақтар ежелде көшпелі халық болған, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінгендіктен, өз ойын, сезімін, ниетін символдық түрде білдіріп отырады. Көшпелі өмір салты, соған байланысты қиыншылықтар бір-бірін сыйлауға, өз ішіндегі қарттар мен көшбасшы азаматтарын құрметтеуге жетелейді. Осындай тілдік қалыптасу қазақ тіл мәдениетін реактивті типке жатқызуға мүмкіндік береді. Сөйлесушілердің проксемикалық мінез-құлық олардың әлемді қабылдауының өзіне тән кеңістіктік үлгілеріне байланысты және осылайша этномәдени ақпаратпен толығады. Проксемикалық мінез-құлық қоршаған ортаны кеңістіктегі ұйымдастырудың жалпы заңдылықтарымен, сондай-ақ адамның өзінің жеке кеңістігі туралы мәлімдемелерінің вербалды және бейвербалды ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазақ және ағылшын тіл мәдениетіндегі проксемикаларды салыстырмалы түрде зерттеу – лингвистикалық мәдениеттердің бірдей еместігін көрсетеді. Бұл мәдениет өкілдерінің кеңістік пен уақытты қабылдауы әртүрлі екенін білдіреді.

Біріншіден, қазақ тілінің мәдениеті адаптивті және конфликтсіз деп аталатын реактивті мәдениетпен байланысты болса, ағылшын мәдениеті желілік-белсенді, яғни байсалдылық пен табандылықты білдіретінін көре аламыз. Бұл саралау екі тілдің мәдениетіндегі ерекшеліктерді саралай түсуге жетелейді. Ағылшын тіл мәдениетінің салыстырмалы түрде қарағанда қазақ тіл мәдениетіненен коммуникативтік аумағы кеңірек деп айтуға мүмкіндік береді. Ағылшын лингвистикалық мәдениетінің өкілдері бір-бірімен қатар тұрып сөйлескенде өзін жайлы сезінеді. Ал қазақ тіл мәдениетінің коммуниканттары бір-біріне қарама-қарсы тұруды жөн көреді. Кездесулерде, кештерде қонақты ұйымдастыру қазақтың тіл мәдениетіне тән ерекшелік болып табылады. Бұл тек осы адамдар қауымдастығына тән кеңістіктің ұлттық концептуализациясын көрсетеді [9]. Қазақ және ағылшын тіл мәдениетіндегі проксемикаларды салыстырмалы түрде әлі де талдай түсу керек және зерттеу аумағын кеңейткен дұрыс.

Қорытынды. Ағылшын лингвистикалық мәдениетінде проксемиканы білу және тиісті аралықты сақтау да өте маңызды. Дегенмен олар кеңістікті концептуализациялауда формализмге бармайды деп айта аламыз. Демек, осы мәдени және жеке айырмашылықтарды білу және тану мәдениетаралық коммуникацияны жақсартады және адамдар арасындағы қарым-қатынас тым үлкен немесе тым аз болған жағдайда туындауы мүмкін ыңғайсыздықты жоюға көмектеседі.

Ұқсас белгілер мен құрылымдық-семантикалық параллельдердің болуына қарамастан, әртүрлі тілдердің зооморфтық фразеологиялық бірліктері тілдік факторларға да, ұлттық мәдени ортаның ерекшеліктеріне де байланысты жарқын ұлттық белгіге ие болады.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты және терең зерттеу «мәдениеттер диалогы» жаңа лингвистикалық парадигмасында жүзеге асырылып, мәдениетаралық коммуникацияның тиімділігіне ықпал етуі тиіс [10]. Сонымен қатар қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін нақты айқындап, талдап отыру керек.

Әдебиеттер

1. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2000. – 262 с.
2. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. – 248 б.
3. Мурзинова А.С. Специфика и коммуникативный характер национально-культурных стереотипов (на основе национально-культурных ценностей в казахском, русском, английском языках). Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D020500 – Филология». – 156 с.
4. Аврорин В.А. О предмете социальной лингвистики // Всесоюзная научная конференция по теоретическим вопросам языкования (11-16 ноября, 1974 г.): Тезисы

докладов и сообщений пленарных заседаний. – Москва, 1974. – С. 7.

5. Скворцов, О.Г. Методы исследования лексических систем [Текст] / О.Г. Скворцов. – Екатеринбург: Издательство АМБ, 2001. – 142 с.

6. Дмитриева Е.В., Нурутдинова А.Р. Межкультурная коммуникация в обучении иностранным языкам в системе высшего образования: культурологический компонент., Иностранные языки в современном мире., Сборник материалов IX Международной научно-практической конференции. – Казань, 2016. – 28 с.

7. Исаев Д.В. Мотивационный анализ языковой ситуации как средство прогнозирования успешности языковой политики. Вопросы современной филологии в контексте взаимодействия языков и культур. Материалы IV международной научно-практической конференции (Оренбург, 26-27 мая 2021 г.). – 76 с.

8. Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Элметова А.С. Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени архетиптер мен стереотиптер // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – №2 (166). – 2017.

9. Немышева Г.С. Қазақ және ағылшын проксемикалық мінез-құлықтарындағы ұқсастық пен айырмашылықтар // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Филологические науки». – №2 (56). 2016. – 92 с.

10. Kaidarova B.M., Abikenova G.T. Methods of formation of the scientific creativity of students through speech cultur // Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 17, Issue 5, May 17, 2022. – P. 1860-1870. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i5.7454>

Б.М. КАЙДАРОВА

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. Язык занимает первое место среди национально-специфических компонентов культуры. Прежде всего, язык способствует тому, что культура может быть как средством общения, так и средством разграничения людей. Каждый этнос (казахский, русский, английский) в ходе своего исторического развития формирует уникальную систему национальных культурных ценностей, которые понимаются в том числе и через языковые стереотипы.

Цель статьи – рассмотреть лексико-семантические особенности национально-культурных стереотипов в казахском и английском языках. Основные направления научного исследования – гуманитарные науки, общее языкознание, германистика (английский язык), тюркология (казахский язык), лексикология, компаративистика, лингвокультурология, лингвострановедение, социолингвистика.

Методологической основой исследования послужили труды лингвистов С.Г. Тер-Минасовой, А.С. Мурзиновой, О.Г. Скворцова, Е.В. Дмитриевой, А.Р. Нурутдиновой, Д.В. Исаева, А.О. Тымболовой, А.С. Элметовой,

Г.С. Немышевой и др. Методология исследования включает в себя анализ социолингвистической мотивации и сравнительное изучение проксемики в казахской и английской языковой культуре. Основные методы исследования: общий анализ языковой ситуации в Республике Казахстан и Великобритании, анализ компонентов социально-коммуникативной системы, анализ использования и распространения в речи обозначенных единиц, прямой мотивационный анализ, анкетирование, сравнительно-сопоставительный метод.

В результате исследовательской работы выяснилось, что семантическое поле является структурой, в которой выделяются ядро и периферийная часть. Ядро содержит наиболее функционально нагруженные слова. Вывод исследовательской работы заключается в том, что в английской лингвистической культуре акцентируется важность знания проксемики и надлежащего дистанцирования, а также то, что они придерживаются меньшей формальности в концептуализации пространства, а в казахской лингвистической культуре важно большая формальность в концептуализации пространства.

Ценность проведенного исследования состоит в том, что знание принципов казахской и английской лингвистических концептуализаций пространства улучшает межкультурную коммуникацию.

Практическая значимость итогов работы заключается в том, что статья может быть использована в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и семинарам по предметам языкового цикла в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: язык, национально-культурные стереотипы, лексика, семантическое поле, социолингвистическая мотивация, английский язык.

B.M. KAIDAROVA

«Alikhan Bokeikhan university», Semey, Kazakhstan

LEXICAL AND SEMANTIC FEATURES OF NATIONAL AND CULTURAL STEREOTYPES IN KAZAKH AND ENGLISH

Annotation. Language occupies the first place among the national-specific components of culture. First of all, language contributes to the fact that culture can be both a means of communication and a means of distinguishing people. Each ethnic group (Kazakh, Russian, English) in the course of its historical development forms a unique system of national cultural values, which are understood, among other things, through linguistic stereotypes.

The purpose of the article is to examine the lexical and semantic features of national and cultural stereotypes in the Kazakh and English languages. The main

areas of scientific research are humanities, general linguistics, Germanic studies (English), Turkology (Kazakh), lexicology, comparative studies, linguoculturology, linguistics, sociolinguistics.

The methodological basis of the research was the works of linguists S.G. Ter-Minasova, A.S. Murzinova, O.G. Skvortsov, E.V. Dmitrieva, A.R. Nurutdinova, D.V. Isaev, A.O. Tymbolova, A.S. Almetova, G.S. Nemysheva, etc. The research methodology includes an analysis of sociolinguistic motivation and a comparative study of proxemics in Kazakh and English language culture. Main research methods: general analysis of the language situation in the Republic of Kazakhstan and the UK, analysis of the components of the socio-communicative system, analysis of the use and distribution of designated units in speech, direct motivational analysis, questionnaires, comparative method.

As a result of the research work, it turned out that the semantic field is a structure in which the core and the peripheral part are distinguished. The core contains the most functionally loaded words. The conclusion of the research work is that in the English linguistic culture the importance of knowledge of proxemics and proper distancing is emphasized, as well as the fact that they adhere to less formality in the conceptualization of space, and in the Kazakh linguistic culture it is important to be more formal in the conceptualization of space.

The value of the research is that knowledge of the principles of Kazakh and English linguistic conceptualizations of space improves intercultural communication.

The practical significance of the results of the work lies in the fact that the article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and seminars on the subjects of the language cycle in higher educational institutions.

Keywords: language, national-cultural stereotypes, lexical, semantic field, sociolinguistic motivation, English.

References

1. Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkul'turnaya kommunikatsiya. – Moskva, 2000. – 262 s.
2. Abasilov A. Äleumettik lingvistika sözdıgı. – Almaty, 2016. – 248 b.
3. Murzinova A.S. Spetsifika i kommunikativnyy kharakter natsional'no-kul'turnykh stereotipov (na osnove natsional'no-kul'turnykh tsennostey v kazakhskom, russkom, angliyskom yazykakh). Dissertatsiya na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD) po spetsial'nosti «6D020500 – Filologiya». – 156 s.
4. Avrorin V.A. O predmete sotsial'noy lingvistiki // Vsesoyuznaya nauchnaya konferentsiya po teoreticheskom voprosam yazykovaniya (11-16 noyabrya, 1974 g.): Tezisy dokladov i soobshcheniy plenarnykh zasedaniy. – Moskva, 1974. – S. 7.
5. Skvortsov, O.G. Metody issledovaniya leksicheskikh sistem [Tekst] / O.G. Skvortsov. – Ekaterinburg: Izdatel'stvo AMB, 2001. – 142 s.
6. Dmitrieva E.V., Nurutdinova A.R. Mezhkul'turnaya kommunikatsiya v obuchenii inostrannym yazykam v sisteme vysshego obrazovaniya: kul'turologicheskiy komponent.,

Innostrannye yazyki v sovremennom mire., Sbornik materialov IX Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Kazan', 2016. – 28 s.

7. Isaev D.V. Motivatsionnyy analiz yazykovoy situatsii kak sredstvo prognozirovaniya uspehnosti yazykovoy politiki. Voprosy sovremennoy filologii v kontekste vzaimodeystviya yazykov i kul'tur. Materialy IV mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii (Orenburg, 26-27 maya 2021 g.). – 76 s.

8. Tymbolova A.O., Murzinova A.S., Älmetova A.S. Älemnñ tıldık beinesindegi ülttyq-mädeni arhetipter men stereotipter // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – №2 (166). – 2017.

9. Nemyşeva G.S. Qazaq jäne aғылsyn proksemikalyq minez-qūlyqtaryndaғы ūqsastyq pen айрмаşylyqtar // Vestnik KazNPU im.Abaia. Seria «Filologicheskie nauki». – №2(56). 2016. – 92 s.

10. Kaidarova B.M., Abikenova G.T. Methods of formation of the scientific creativity of students through speech cultur // Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 17, Issue 5, May 17, 2022. – P. 1860-1870. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i5.7454>

Авторлар жайлы мәлімет:

Қайдарова Баян Маймұратқызы – «Alikhan Bokeikhan University» докторанты, Семей, Қазақстан.

Қайдарова Баян Маймуратовна – докторант «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан.

Kaidarova Bayan Maimuratovna – doctoral student «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan.